

Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт және емдеу-алдын-алу тағамдарын беру нормалары мен ережесін және Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, санитарлық-тұрмыстық үй-жайлармен, құрылғылармен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007 жылғы 31 шілдедегі N 184-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2007 жылғы 3 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4913 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 14 мамырдағы № 184-ө-м бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012.05.14 № 184-ө-м (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабы 15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт және емдеу-алдын-алу тағамдарын беру нормалары мен ережесі;

2) Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, санитарлық-тұрмыстық үй-жайлармен, құрылғылармен қамтамасыз ету ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы»"Қызметкерлерді жеке, ұжымдық қорғану құралдарымен, санитарлық-тұрмыстық үй-жайлармен, құрылғылар және емдеу - профилактикалық құралдарымен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы"» N 22-ө (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3456 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2005 ж., N 15, 100-бет) және 2005 жылғы 29 маусымдағы»"Жұмыс берушінің қаражаты есебінен сүт, емдеу-профилактикалық тағамдар беру нормасын бекіту туралы"» N 170-ө (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде N 3739 тіркелген, "Юридическая газета" газетінде жарияланған, 2005 жылы 2 қарашада N 202 (936), Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 29 маусымдағы "Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт, емдеу-профилактикалық тағамдар рационын беру нормасын бекіту туралы" N 170-ө бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушының 2006 жылғы 15 тамыздағы N 192-ө (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4372 тіркелген, "Юридическая газета" газетінде жарияланған, 2006 жыл 29 қыркүйек, N 174 (1154) бұйрығымен енгізілген толықтыруларымен қоса) заңдарының күші жойылған деп танылсын.

3. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті (С.С.Әбденов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберілуін және кейіннен оның заңнамада белгіленген тәртіппен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр А.М.Құрмановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

М и н и с т р д і ң

" К е л і с і л г е н "

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы*

2007 жылғы 31 шілде

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрдің міндетін атқарушының
2007 жылғы 31 шілдедегі N 184-ө
бұйрығымен бекітілген

Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт және емдеу-алдын-алу тағамдарын беру ережесі мен нормалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабы 15) тармақшасына сәйкес әзірленді және жұмыс берушінің

қаражаты есебінен қызметкерлерді сүт және емдеу-алдын-алу тағамдарымен қамтамасыз етудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Ереженің күші жеке кәсіпкерлерге, жал шарты негізінде еңбек міндеттерін тұрақты немесе уақытша атқаратын, қызметі өмір мен денсаулыққа зиянды (ерекше зиянды) және қауіпті (ерекше қауіпті) факторлардың әсер етуімен байланысты жеке тұлғаларға, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан заңды тұлғаларға (бұдан әрі - Жұмыс беруші) қолданылады.

2. Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт және емдеу-алдын-алу тағамдарын беру тәртібі

3. Сүт және емдеу-алдын-алу тағамдары (бұдан әрі - ЕАТ) және дәрумендер қызметкерлерге өндірістік нысандарды еңбек жағдайлары бойынша аттестациялау нәтижесі бойынша кәсіптік аурулар мен уланудың алдын-алу, олардың денсаулығын нығайту мақсатында беріледі.

4. Химиялық заттарды өндіру немесе қолдануға байланысты жұмыстарда сүт 0,5 литрден нақты қамтылған күндерінің ұзақтығына қарамай әр ауысымға беріледі (1-қосымша).

5. ЕАТ белгілеу және беру аса зиянды еңбек жағдайларына байланысты емдеу-алдын-алу тағамдарын және дәрумендік препараттарды тегін алуға белгілі кәсіптер мен лауазымдарда жұмыс істейтін қызметкерлерге құқық беретін өндірістердің Тізбесіне (2-қосымша), Емдеу-алдын-алу тағамдары рационна (3-қосымша) және Дәрумендік препараттарды беру нормасына (4-қосымша) сәйкес беріледі.

6. ЕАТ және дәрумендік препараттарды алу құқығын кәсіптері мен лауазымдары көрсетілген Тізбенің тиісті өндірістерінде көзделген ұйымдардың қызметкерлері, меншік нысанына қарамастан, нақты жұмыспен қамтылған күндерінде пайдаланады.

7. ЕАТ және дәрумендік препараттарды белгілеу және беру ЕАТ рациондарын физиологиялық-гигиеналық бағалау, тағамдық статусы (қай қызметкер, кәсібіне, жұмыс орны және жұмыс жағдайына қарай тиісті рацион бойынша тағамды алуға тиістілігі) негізінде жүргізіледі.

8. ЕАТ және дәрумендік препараттар сондай-ақ, толық жұмыс күнін құрылыс, құру-жабдықтау, жөндеу-құру және іске қосу және баптау жұмыстарында өткізетін басқа да ұйымдардың қызметкерлеріне, осы тағам белгіленген негізгі қызметкерлерге, жөндеу персоналына, ерекше зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін өндірістердегі құрылғыларды тазалауды жүргізетін, жөндеу және консервацияға дайындайтын қызметкерлерге беріледі.

9. ЕАТ жұмыс басталар алдында таңертеңгі ыстық ас түрінде беріледі. Кейбір жағдайларда, ЕАТ түскі ас кезінде беруге де болады. Жоғары қысым жағдайындағы (кессондарда, барокамераларда, суда жүзетін жұмыстарда) қызметкерлерге ЕАТ шлюзға өткеннен кейін берілуге тиіс.

1 0 . Е А Т :

- 1) жұмыс емес күндері;
- 2) демалыс күндері;
- 3) қызметтік іссапар күндері;
- 4) өндірістен қол үзіп оқу күндері;
- 5) ЕАТ көзделмеген басқа жерлерде жұмыс орындаған күндері;
- 6) жұмысқа уақытша жарамсыз кезеңге берілмейді.

3. Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт және емдеу-алдын-алу тағамдарын беруге қойылатын талаптар

11. ЕАТ өткен уақытқа немесе бірнеше ауысымға алдын-ала, сондай-ақ өз уақытында алынбаған емдеу-алдын-алу тағамдарын өтеу ретінде беруге рұқсат етілмейді.

12. ЕАТ және дәрумендік препараттар дайындалатын және берілетін үй-жай құрылымы және ішіндегі керек-жарағы бойынша Құрылыс нормаларына және Санитарлық ереже мен нормаларға сай болуы тиіс.

13. ЕАТ және дәрумендік препараттарды дайындау және беру бекітілген рацион мен нормаларға сәйкес жүргізіледі. Азық-түліктер бойынша мәзір-тарату әр күнге емдеу-алдын-алу тағамының таңертеңгі ыстық асының шамамен алты күндік мәзірін рациондар бойынша таратып салуға және емдеу-алдын-алу тағамы рационның физиологиялық-гигиеналық бағалау арқылы құралған кестелер схемасына сәйкес жасалады (5-қосымша).

14. Тамақ дайындау құқығы бар ұйым өндірісінің меңгерушісі мәзір жасауға жауапты болып табылады.

15. Азық-түліктің бір түрін екінші түрімен ауыстыруға тек ерекше жағдайларда ғана азық-түліктің бірін-бірі ауыстыру нормалары шегінде жол беріледі (4-қосымша).

16. Еңбек жағдайының ерекше зияндылығына байланысты тегін емдеу-алдын-алу тағамдарын алатын қызметкерлерге сүт немесе басқа да оған теңестірілген азық-түлік берілмейді.

17. Қызметкерлерді сүтпен, ЕАТ қамтамасыз ету және осы Ережені сақтау жауапкершілігі жұмыс берушіге жүктеледі.

18. Меншік нысанына қарамастан, еңбек жағдайлары ерекше зиянды ұйымдарда сүт, емдеу-алдын-алу тағамдарын және дәрумендік препараттарды

тегін беру ережесінің орындалуын бақылау мемлекеттік еңбек инспекциясы және мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарына, өздерінің құзырына қатысты мәселелер бөлігінде жүктеледі.

Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт және емдеу-алдын-алу тағамдарын беру нормалары мен ережесіне

1-қосымша

Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт беру нормасы

1. Қызметкерлерге жұмыс күнінің ұзақтығына қарамай, төмендегідей химиялық заттарды өндіру немесе қолдануға байланысты 0,5 литрден сүт б е р і л е д і :

1) алифатикалық және алициклдік көмірсутектер (қаныққан және қанықпаған) :

метанға жататын көмірсутектер: бутан, изобутан, пентан, изопентан, гексан, октан, изооктан, нонан;

этиленге жататын көмірсутектер: бутилендер, амилендер, изобутилендер; циклдік шексіз көмірсутектер: циклопентадиен, дициклопентадиен, марганецтің циклопентадиенилтрикарбонилі;

бір-көп ядролық хош иісті көмірсутектер: бензол, ксилол, толуол, этилбензол, кумол (диизотропиленбензол), ксилолдар, стиролдар, дефенил, нафталин және оның туындылары .

2) майлылар қатарына жататын галоген туынды көмірсутектер: фтортуындылар: фторэтилен, дифторэтилен, трифторэтилен, тетрафторэтилен, трифторпропилен, дифторэтан, декафторбутан;

хлортуындылар: хлорлы метил, хлорлы метилен, хлороформ, төрт дәрежелі хлорлы көміртегі, хлорлы этил, дихлорэтан, трихлорэтан, тетрахлорэтан, трихлорпропан, тетрахлорпентан, хлорлы винил, дихлорэтилен, трихлорэтилен, тетрахлорэтилен, гексахлорциклопентадиен, аллодан, хлоропрен, хлорлы аллил, хлорлы бутилен, гексахлорбутадиен және осы топтағы басқалары;

бромтуындылар: бромды метилен, бромды этил, дибромэтан, тетрапромэтан, дибромпропан, бромформ және басқалары;

йодты туындылар: йодты метил, йодтыформ, йодты этил және басқалары; аралас галоген туындылар: дифторхлорметан, фтордихлорметан және басқалары .

3) хош иісті көмірсутектеріне жататын галоген туындылар: хлорбензол, дихлорбензол, трихлорбензол, тетрахлорбензол, гексахлорбензол, хлорлы бензил, бензотрихлорид, хлорстирал, бромбензол, бромды бензил және басқа да осы топқа жататын галоген туындылар.

4) бір циклді көп ядролық көмірсутегінің хлор туындылары: хлорланған дифенилдер, дифенилдің хлор қышқылы, хлориндан, хлорнафталиндер, гептахлор, ДДТ, гексахлорциклогексан, полихлорпинен, полихлоркамфен, хлортен, симазин, артазин.

5) спиртер:

майлы қатарға жататын шекті және шексіз гликолдар және спирттер: метилді спирт, аллилді, кротонилді және басқалары;

майлы қатарға жататын галоген туынды спирттер: октафтораилді, тетрафторпропилді және басқалары;

алициклді: және хош иісті қатарындағы спирттер: бензилді спирт, циклогексенол және басқалары.

б) фенолдар: фенол, хлорфенолдар, пентахлорфенол, крезолдар, гидрохинон, натрийдің пентахлорфенолы және басқалары.

7) алициклді және алифатикалық қатардағы эфирлер және олардың галоген туындылары: диметилді, дитилді, диизопропилді, дибутилді, винибутилді, дивинилді, монохлордиметилді, дихлордиэтилді, тетрахлордиэтилді, этиленгликолдың, пропиленгликолдің, глицириннің эфирлері, полигликолді эфирлер.

8) фенолды эфирлер: гваякол, гидрохинонның монобензилді эфирі, динил және осы топқа жататын басқалары.

9) органикалық тотықтар және асқын тотықтар: этиленнің, пропиленнің, эпихлоргидриннің тотықтары, изопропилбензолдың гидро асқын тотығы, бензоилдің асқын тотығы, метилэтилкетонның, циклогексанонның асқын тотықтары және осы топтағы қалған құрамдардың өкілдері.

10) тиоспирттер, тиофенолдар және тиоэфирлер: метил және этилмеркаптандар, трихлортиофенол және пентахлортиофенол; 2,4-Д, трихлорфеноксисукус қышқылы тұзы.

11) қаныққан және қанықпаған альдегидтер және кетондар: ацетальдегид, формальдегид, бензальдегид, акромин, ацетон, бромацетон, хлорацетон, пентахлорацетон, гексахлорацетон, хлорацетофенон және осы қатарға жататын басқалары.

12) органикалық қышқылдар, олардың ангидридтері, амидтері және галогеноангидридтері, малеинді, фталді ангидрид қышқылдары: құмырсқа, сірке, пропион және олардың ангидридтері, нафтенді қышқылдар, хлорлы бензоил, хлорфеноксоисірке қышқылы, карбамин қышқылының қоспалары,

тиодитиокарбаминді қышқылдар, диметильформаид және осы топтағы басқалары, сондай-ақ diazoкетоны және diazoэфирлер.

13) күрделі эфирлер: азотталған күкірт, хлорсульфонды, құмырсқа, сірке, припионді април, метакрил қышқылдары және олардың галоген туындылары.

14) күрделі эфирлер және фосфор қышқылының амидтері: трикрезилфосфат, тиофос, метафос, метилатилтиофос, меркаптофос, метилмеркаптофос, карбофос, М-81, М-74 ДДВФ препараттары, фосфамид, хлорофос, табун, зоман, зарин, октаметил, диэтилхлормонофосфат, метилдихлорфиофосфат, диметилхлортисфосфат және қалғандары фосфорорганикалық улы химикаттар.

15) нитро және амина қоспалары майлы полиметилден қатарына жататындар және олардың туындылары: нитроолефиндер, нитрометан, нитроэтан, нитропропан, нитробутан, нитрофоска, хлорпикрин, нитроциклогексан, метиламин, диметиламин, триметиламин, этиламин, диэтиламин, триэтиламин, этиленимин, полиэтиленимин, полиэтиленполиамин, гексаметилендиамин, этаноламин, циклогексиламин, дициклогексиламин және осы топқа жататын б а с қ а л а р ы .

16) майлы полиметилден қатарына жататын нитро және амина қоспалары: нитробензолдар, нитротолуолы, нитроксилол, динок, диносеб, нитронафталиндер, нитрохлорбензолдар, нитрофенолдар, нитро және аминаанизанилин, ацетонанилин, хлоранимендер, фенилендиаминдер, бензидин, парокфтидин.

17) бензохинондар, нафтахинондар, антрахинондар, бензатрен, парабензохинон және дихлорнафтахинон.

18) органикалық бояғыштар: антрахинонды, нитро және нитро бояғыштар, азобояғыштар, азинді, 2-метилфуран (силван).

19) гетероциклді қоспалар: фуран, тетрагидрофуран, фурфурол, тиофен, индол, теридин, пиразалан, пурин, пиридинді және пуринді негіздер, пиколиндер никонин қышқылы, диоксандар, пиперидин, морфолин, гексоген, барбитураттар, олардың жартылай өнімдері және осы препараттарды шығарудағы басқа заттар.

20) алколоидтар: атропин, кокаин, опий, морфин, кадеин, стрихнин, пилокарпин, скополамин, сальсолин, омнопок, папаверин, никотин, анатазин және осы препараттарды шығарудағы басқалары, сондай-ақ құрамында жоғарыда көрсетілген алколоидтары бар шикізат пен дайын өнімдер (темекі-махорка, сигар және сигарет өндірісі, темекі ферменті).

21) б о р с у т е к т і л е р .

22) галогендер және галоген туындылар: фтор, хлор, бром, иод, хлорлы, бромды, фторлы сутегі, плавикті, кремний фторлы сутегі қышқылдары, фтор тотығы, хлордың тотығы және хлор тотығының екі есе тотығы, хлордың троифториді, хлорлы йод, көмірсутегінің хлорлы тотығы (фосген).

23) күкірт қосындылары: күкірт сутегі, күкірт көміртегі, хлорлы сульфон

қышқылы, күкірттің хлорангидридтері, күкіртті және күкірт ангидридтері.

24) селен және оның қоспалары: селенді ангидрид, селенді қышқыл, олардың тұздары, селеннің хлорлы тотығы, селеннің органикалық қоспалары.

25) теллур және оның қоспалары.

26) азот қоспалары: гидразин және оның туындылары, азоттың тотығы, азот қышқылы, натрийдің азиді, аммиак, натрийдің нитриті, хлорлы азот, хлорлы нитрозил, гидроксилламин.

27) сары (ақ) фосфор және оның қоспалары: фосфорлы ангидрид, фосфор қышқылы және оның тұздары.

28) мышьяк және оның қоспалары: мышьяқты және мышьяқтың ангидридтері, кальцийдің арсениті, натрийдің арсениті, осарсол иприт.

29) сурьма және оның қоспалары: сурьмалы және сурьманың ангидридтері, сурьмалы сутегі, сурьманың хлоридтары.

30) цианидтер: цианды сутегі, натрий мен калийдің цианидтері, дициан, хлорциан, бромциан, кальцийдің цианимиді, цианурхлорид, цианды бензил.

31) нитролдар: ацетонитрол, ацетонциангидрид, акрилонитрил, этиленциангидрин, бензонитрил және басқалары.

32) изоциананттар, фенилизоцианат, гексаметилендиизоцианат, толуилендиизоцианат және басқалары.

33) кремнийдің құрамдарында аэрозол түріндегі 10% жоғары кремнийдің еркін кристалды екі топтық тотықтары бары.

34) сынап және оның органикалық емес және органикалық қоспалары: металды сынап, сынаптың цианиді, сынаптың нитраты, шытырлауық сынап, диметил сынабы, этилмеркурхлорид, этилмеркурфосфат, диэтил сынабы, хлор фенол сынабы, меркурацетат, меркуран және сынаптың басқа қоспалары.

35) марганец және оның қосындылары: марганецтің, сульфаттың, хлорлы марганецтің тотықтары, оның қалған қоспаларының аэрозолдары.

36) бериллий және оның қоспалары: бериллий тотығы, гидрат бериллийдің тотығы, бериллийдің хлориді, фтор бериллий тотығы және қалған бериллий қоспаларының қалдығы.

37) таллий және оның қоспалары: таллийдің хлориді, таллийдің сульфаты, таллийдің ацетаты, таллийдің нитраты, таллийдің карбонаты және басқалар.

38) титан және оның қоспалары.

39) ванадий және оның қоспалары: үш тотықты, бес тотықты ванадий, аммонийдің, натрийдің және кальцийдің ванадаттары, ванадийдің хлоридтері.

40) хром және оның қоспалары: үш тотықты хром, хромның тотығы, хромдық квасцылар, натрийдің бихроматы және басқалары.

41) молибден және оның қоспалары: үш тотықты молибден, аммоний молибдені.

42) никель және оның қоспалары: никельдің шала тотығы, никель тотығы, шала тотықты никельдің гидраты.
4 3) м е т а н о л .

44) қалайы органикалық, бор органикалық және кремний органикалық қ о с п а л а р .

45) қорғасын және оның қоспалары.

46) металл карбонилдері: никельдің, кобальттің, марганецтің.

47) литий, цезий, рубидий, қалғандары қышқылды жер элементтері және о л а р д ы ң қ о с п а л а р ы .

48) жерде сирек кездесетін элементтер (лантанидтер) және олардың қ о с п а л а р ы .

49) кадмий оксидтері және олардың қоспалары.

50) антибиотиктер: биомицин, тетрацилин, синтомицин, левомоцитин және б а с қ а л а р ы .

51) микробиологиялық тектілердің компоненттері: бактериялы токсиндер, микро токсиндер, бір клеткалы балдырлар және басқалары.

52) қатты әсер ететін А және Б тізіміндегі улы заттарды өндіретін аэрозолдар.

53) өндірістегі күлдің барлық түрі.

5 4) п е с т и ц и д т е р .

55) темір рудасын және оны байытушыларды, кокс, көміртегі, әк және оны күйдіру, кокстау және жартылай кокстауды өндіру.

2. Неорганикалық емес қорғасынмен жұмыс істейтін қызметкерлерге сүтке қосымша 2 грамм өсімдікпен байытылып жасалынған азық-түлік өнімдері түріндегі пектин, жеміс шырындары, сусындар (пектиннің нақты құрамын дайындаушы зауыт көрсетеді) беріледі.

Бұл өнімдерді табиғи жеміс шырындарымен және оның 250-300 мл жеміс жұмсағымен ауыстыруға болады.

Неорганикалық емес қорғасын қоспаларымен тұрақты жұмыс істеген кезде сүттің орнына ашытылған сүт өнімдерін қолдану ұсынылады.

3. Антибиотиктерді өндіру және өңдеу кезінде сүт орнына ашыған сүт немесе сүттен дайындаған колибактерин берілуге тиісті.

4. Сүт және соған тең бағалы тағам өнімдері (айран, қатық, мацони және тағы басқалары) рентгенолог-дәрігерлерге, рентген лаборанттарына және жұмыстың бірінші мен екінші кластарында радиоактивті заттар ашық түрде қолданылатын жұмыспен айналысатын қызметкерлерге де беріледі.

Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт және емдеу-алдын-алу тағамдарын

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007.12.25. N 309-ө (алғаш ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Ерекше зиянды еңбек жағдайларына байланысты жұмыс берушінің қаражаты есебінен белгілі кәсіптермен қызметтерде жұмыс істейтін қызметкерлерге емдеу-алдын-алу тағамдарын алуға құқық беретін, өндірістердің тізбесі

Өндірісті, кәсіптер мен лауазымдардың атаулары	Емдеу-алдын-алу тағамдары рационның N
--	---------------------------------------

**1. ТАРАУ. ХИМИЯЛЫҚ ӨНДІРІСТЕР
1-БӨЛІМ. БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ӨНІМДЕР**

1. Күкірт қышқылы өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 2

2. Фосфор қышқылы өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 4

3. Фосфорлы кальций өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 4

4. Фосфорлы ангидрид өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 4

5. Сары және қызыл фосфор өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

Балқытылған фосфорлы шлактан жасалатын

құрылыс заттарын өндіру кезіндегі негізгі
технологиялық процесте қызмет істейтін жұмысшылар
(щебень, пемза, мақта және т.б.) 4

6. Бес күкіртті фосфор өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу
және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс
күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 4

7. Металл фосфидтері өндірісі (мырыш, мыс және басқа)

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу
және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс
күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 4

8. Суперфосфат, фторсыздалған фосфат, күрделі-аралас және күрделі тыңайтқыштар өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу
және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс
күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 4

9. Аммофос өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу
және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс
күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 4

10. Үшхлорлы фосфор және хлортотық фосфор өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу
және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс
күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 4

11. Сұйық хлор өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу
және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс
күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 2

12. Екі тотық хлор өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу
және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс
күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 4

13. Хлорлы әк өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу
және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс
күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 2

14. Хлорлы темір өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 2

15. Хлорлы алюминий өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 2

16. Хлорлы барий өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 5

17. Фосген өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 2

18. Бертолет тұзы өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 2

19. Фторлы натрий өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 2

20. Фторлы сутегі мен оның су ерітінділерінің өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 2

21. Калий тетрафторборат өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 2

22. Кальций карбид өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 4

23. Теллур өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

24. Селен өндірісі-құрамында селен бар шламдарды байыту

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

25. Ванадий бес тотығы негізінде катализатор өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

26. Хром және марганец негізіндегі катализаторлар өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 5

27. Жасанды марганец бос тотығының өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 5

28. Құрамында хромы бар шикізаттан күкіртті натрий өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 2

29. Таллий қолданумен монокристалл өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 2

30. Аэросил өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

31. Ақ күйе өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

**32. Техникалық асбест заттар өндірісі
(тоқыма цехтары)**

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

33. Бейорганикалық өнімдер. Натрий монохроматы, хромдық ангидрид, хромдықилегіш, калий және натрий хромпикасы, хром тотығы, жерасты суларын хромнан тазарту

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен инженер-техникалық қызметкерлер. Өндірістік процесстерді жетілдірумен, ұйымды етумен және бақылаумен айналысатын цех және зауыт зертханаларындағы жұмысшылар мен инженер-техникалық қызметкерлер 4

2-бөлім. Органикалық өнімдер

34. Хлорбензол, дихлорбензол, трихлорбензол, тетрахлорбензол, гексахлорбензол өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

35. Эпирхлоргидрин өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

36. Қалайыорганикалық қоспалар өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 5

37. Диносеб гербициді өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

38. Экстралин өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 5

39. Бензолдан, хлорбензолдан және бензолдық басқа туындыларынан фенол өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

40. Таза ванадий бестотығында фталдық ангидрид өндірісі (қойылтылған катализаторда)

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

41. Керамикалық бояғыш зат өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 3

42. Төртхлорлы көміртегі өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер. 4

43. Дихлорэтан өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

44. Үшхлорэтан өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

45. Гекеахлорэтан өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

46. Керосин пиролизы, пирогаз бөлу және тазарту өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 5

47. Хлорпикрин өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 2

48. Хлорлы этил, трихлорэтилен мен изопропил спирт, өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 5

49. Этилен тотығы және оның туындылары этилцеллозолева, хлорекс, этиленгликоль өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 5

50. Фенилэтил спирт өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

51. Гербицид өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

52. Фосген арқылы сірке ангидрид өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 2

53. Кетен арқылы сірке ангидрид өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 2

54. Ацетальдегид өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 5

55. Этилбензол өндірісі (өндіріс жабық ғимаратта болғанда ғана)

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

56. Құрастырылған улағыш өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

57. Этил сұйықтығының өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен, қосалқы өндірісте (арнайы киімді, аяқ киімді, противогаздарды дегазациялау; арнайы киімдерді жуу, жұқпалы жұмыстарға қолданған ыдыстарды дайындау және жөндеу) толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

58. Хлорпарафин өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

59. Пенапоропластыр өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

60. Синтетикалық, дивинилнитрил, полизопрен және полибутадиен каучук (СКБ, СКН, СКИ-3, СКД) өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 5

61. Стирол, альфаметилстирол, дивинилстирол каучуктер мен латекетер, дивинилметилстирол, хлорпрен каучук, ацетилен (табиғи газдан) өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

62. Полизобутилен өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 5

63. Бутилкаучук өндірісі (хлорлы метил ортада)

Негізгі технологиялық процеспен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

64. Хлорвинил, оның негізінде сополимерлер, полихлорвинил шайыр өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

65. Талшықты және асбест прессматериалдар өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

66. Техникалық бензил спирт өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

67. Химиялық талшықтар өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

68. Контакттік қалыптау әдісімен және механикалық тәсілмен пыныпластиктер өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

3-Бөлім. Лактар мен бояулар

69. Қорғасын глет және жоса өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 3 пен 2 апта сайын ауыстыру

70. Қорғасын сары бояу өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 3 пен 2 апта сайын ауыстыру

71. Қорғасын ақ бояу өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 3 пен 2 апта сайын ауыстыру

72. Ветерилды мырыш ақ бояу өндірісі

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 3 пен 2 апта сайын ауыстыру

4-бөлім. Тау-кен жұмыстары

73. Апатит-нефелин рудаларды шығару және өңдеу

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

74. Құрамында хром бар рудаларды шығару және өңдеу

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

5-бөлім. Химиялық реактивтер

75. Құрамында фтор бар тұз-реактивтер өндірісі (кремний фтор сутекті алюминий, фторлы, сусыз алюминий, кремний фтор сутекті калий, фторлы титан-аммоний, фторлы магний, кремний фтор сутекті натрий, кремний фтор сутекті қышқыл, фторлы литий, фторлы натрий және фторлы калий)

Негізгі технологиялық процеспен және жабдықтарды жөндеумен (слесарь-жөндеуші) толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 2

76. Құрамында фосфор бар тұз-реактивтер өндірісі (фосфорлыватисті қышқыл аммоний, екі рет қосылған фосфорлы қышқыл барий, бесхлорлы фосфор)

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

77. Құрамында берилий бар тұз-реактивтер өндірісі (азотқышқылды берилий, берилий тотығы, күкірттіқышқыл берилий, көмірқышқылды берилий, сіркеқышқылды берилий, хлорлы берилий)

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 5

78. Қорғасын-реактив тұздар өндірісі (хромқышқылды қорғасын, хлорлы қорғасын, екі тотықты қорғасын, темір қорғасын таяқшалары, йодты қорғасын, қымыздық қышқылды қорғасын, түйіршектелген қорғасын, қорғасын асқын тотығы, азоттықышқыл қорғасын, қорғасын тотығы, роданды қорғасын, күкіртқышқылды қорғасын, сіркеқышқылды

**қорғасын, күкіртті қышқылды қорғасын, қорғасын
фталаты, көмірқышқылды қорғасын)**

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер

3 пен 2 апта
сайын ауыстыру

**79. Хром-реактив тұздар өндірісі
(азоттықышқыл хром, гидрат тотығы,
күкіртқышқылды, хлорлы, сіркеқышқылды)**

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер

2

**80. Марганец-реактив тұздар өндірісі
(көмірқышқылды марганец, асқын тотық,
екітотық, азоттықышқыл, күкіртқышқылды)**

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер

5

**81. Аэрофлоттар өндірісі
(ксиленондық, крезолдық, калийбутилдық)**

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер

4

**82. Аминөндіріс-реактивтер өндірісі
(п-аминоацетофенон, аминоазобензол-пара,
амидал, аминофенол-пара негізі, аминофенол-
мета мен орто, анизидин-пара, тұз қышқылды
анилин, антразо, тиоглеколь қышқылды аниlid,
ацептил-дифениламин, бензиламин, бутиламин,
диазоаминобензол-пара, ортоданизидин,
диметиламиноазобензол-пара, диметиламинобензальдегид-
пара, тұз қышқылды диметилпарафенилендиамин,
тұз қышқылды диметиланилин, дипикриламин,
диэтиламин және оның тұздары,
2,6-дихлорфенолиндифенолин, диэтиламин
және оның тұздары, нитродифениламин, пропиламин,
сульфанил қышқылы, стильбазо, толуидин тионалид,
триптофан, фенилгидразин негізі, тұз қышқылды
фенилгидразин, фенилендиамин-пара және оның
тұздары, тұз қышқылды этиламин, дитиоанилин,**

азобензол, анилин, күкіртқышқылды анилин, сіркеқышқылды анилин, күкіртқышқылды аминофенол-пара, диметиланилин, дифенил-несеп, тұз қышқылды диметиламин, тұз қышқылды метиламин, альфанафтиламин, бетанафтохинон, альфанафтохинон, толидин-орто, талуидин-орта, -мега, -пара, толуилендиамид-мега, тұз қышқылды фенилгидразин, толувдин, хлоргидрат, стильбен, ацетнафталид-альфа, ацетофенон, бензо-хлор-2,4-дихлоранилид, димегилпарафенилендиамин сульфат, барий және натрий ифениламиносульфонаты, дифенилкарбазид, диэтилпарафенилендиамин сульфаты, 2,6-дибромфенолиндофенол, дибромфенилгидразин, дибутиламин, диметглиоксим, фенилгидрооксиламин, купферон)

Негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен мастерлер 4

